

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «19» шілдедегі № 12 хаттамасына
№ 1 қосымша

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «19» шілдедегі № 12
шешімімен бекітілген

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамының
Шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәмілелеріне
кепілдік беру қағидалары**
(2024 жылғы 29 қазандағы №1 толықтырумен)

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәмілелеріне кепілдік беру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру және кепілдік департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» қазандағы шешіміне сәйкес № 1 толықтыру енгізілді	2024 жылғы «29» қазандағы №19

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Ұғымдар мен анықтамалар	4
3-тарау. Қоғам беретін кепілдіктер	5
4-тарау. Қоғамның кепілдік беруіне арналған шарттар	6
6-тарау. Кепілдік шартын жасасу	7
7-тарау. Кепілдік беру	7
8-тарау. Кепілдік, кепілдік шартының қолданылу мерзімі.....	7
9-тарау. Кепілдік шартын, кепілдікті өзгерту шарттары	7
10-тарау. Кепілдікті тоқтату шарттары	8
11-тарау. Кепілдік төлемдерді жүзеге асыру тәртібі және кепілдік төлем туралы шешім қабылдау мерзімдері.....	8
12-тарау. Кепілдік төлемі жүзеге асырылған жағдайда Қоғамның борышкерге қойылатын талабы	8
Қосымша	9

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәмілелеріне кепілдік беру қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар, Қоғам) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сауда қызметін реттеу туралы» және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және кепілдіктер беру механизмі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидалардың талаптары бойынша Қоғам кепілдік шарттарын жасасады және кепілдіктер береді.

3. Осы Қағидалардың мақсаты Қоғам кепілдігін берудің тәртібі мен үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

4. Кепілдік шығарғаны және бергені үшін комиссияның, сондай-ақ өзге де комиссиялардың мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның тарифтері мәселелері жөніндегі ішкі құжатқа сәйкес айқындалады. Комиссия қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

2-тарау. Ұғымдар мен анықтамалар

5. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Банк** - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, шетелдік банк немесе шетелдік қаржы ұйымы;

2) **Борышкер** - кепілдік алу үшін Қоғамға жүгінген Өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) экспорттаушы немесе онымен байланысты тұлға, оның ішінде шетелде тіркелген тұлға;

3) **Кепілдік** – кепілдік берген тарапты білдіреді;

4) **Кепілдік төлем** - Кепілдік жағдайы басталған кезде Борышкерге мүліктік талаптары бар Қарыз берушіге төленетін ақша сомасы;

5) **Кепілдік сомасы** - кепілдік берілген жағдай туындаған кезде кепілдік, кепілдік шарты бойынша кепілдік берушінің жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін кепілдік берілген ақша сомасы;

6) **Кепілдік жағдайы** - кепілдік шартының басталуымен кепілдік төлемді жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

7) **Кепілдік** - Кепілдік шартының негізінде Борышкердің кредитор алдындағы өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету және өтініш бойынша берілген/шығарылған Кепілгердің міндеттемесі;

8) **Үшінші тұлғаның кепілдігі** - Борышкер сияқты көлемде Кепілгер алдындағы үшінші тұлғаның толық ортақ жауапкершілігі;

9) **Кепілдік мерзімінің аяқталу күні** - Кепілдікте көрсетілген, одан кешіктірмей талап алынуы мүмкін күнді білдіреді;

10) **Кепілдік шарты** - Қоғам мен Борышкер арасында соңғысының өтініші негізінде жасалатын шарт, онда кепілдік беру тәртібі мен талаптары көрсетіледі;

11) **Өтініш** - кепілдік беру, соманы және/ немесе кепілдік бойынша мерзімді ұлғайту/азайту туралы өтінішпен Борышкердің Қоғам атына жазбаша өтініші;

12) **Шетелдік контрагент** - Экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шетелдік жеке немесе заңды тұлға;

13) **Келісімшарт** - Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттау туралы жазбаша келісім;

14) **Комиссия** - Борышкер Кепілдік шартында айқындалған талаптарда және мөлшерде Қарыз алушыға кепілдік төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді соңғы қабылдағаны үшін Қоғамға төлеуге міндетті ақша сомасы;

15) **Қарыз алушы** - Шетелдік контрагент, оның пайдасына Қоғам Борышкердің өтініші бойынша кепілдік шығарады немесе Шетелдік контрагенттің пайдасына кепілдікті кейіннен шығару үшін Борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Қоғамның кепілдігін қабылдаған Банк;

16) **Қоғам** - «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы;

17) **Байланысты тұлғалар** - шешімдерді тікелей және/немесе жанама айқындауға және/немесе бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты және / немесе бір жеке немесе заңды тұлғаның жарғылық капиталдағы меншік үлесін иеленуіне байланысты өзара байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар;

18) **Тендер** - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде сатып алу және онымен одан әрі келісімшарт жасасу мақсатында жеңімпазды таңдау үшін өткізілетін шетелдік тендер/электрондық тендер/конкурс/электрондық конкурс/аукцион/электрондық аукцион;

19) **Талап** - Қарыз алушының кепілдік шарттарына сәйкес ресімделген кепілдік бойынша кепілдік төлемін жүргізуге жазбаша талабы;

20) **Үшінші тұлға** – Борышкер сияқты көлемде Кепілгер алдында толық ынтымақты жауапкершілікті өзіне алатын жеке немесе заңды тұлға;

21) **Уәкілетті орган** - кепілдік беру, кепілдік төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайтын алқалы органдар.

3-тарау. Қоғам беретін кепілдіктер

6. Қоғам мынадай кепілдіктерді ұсынады:

1) **Тендерлік кепілдік** - Борышкердің тендерге қатысуы үшін шығарылатын кепілдік, онда Қоғам Борышкер өзінің тендерлік құжаттамамен келісілген міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепілдік сомасы шегінде Қарыз берушінің пайдасына төлемді жүзеге асыруға міндеттенеді;

2) **Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу кепілдігі** - Борышкердің келісімшарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдік;

3) **Келісімшарт бойынша аванстық төлемді қайтару кепілдігі** - Келісімшарт бойынша міндеттемелерді толық / ішінара орындамаған жағдайда борышкердің аванстық төлемді қайтару жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдік;

4) **Банкке борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге берілетін кепілдік** - банктердің Қоғамға қатысты белгіленген лимиттері шеңберінде Шетелдік контрагенттің пайдасына Банктің кепілдікті кейіннен шығаруы үшін Борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін кепілдік.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» қазандағы № 19 шешімімен Қағидалардың 6-тармағы 5) тармақшамен толықтырылды-

5) **Кредитті қайтару кепілдігі** – борышкердің қоғамға қатысты белгіленген лимиттер шеңберінде экспорттық келісімшарттармен байланысты жобалардың кредиторлары болып табылатын қаржы ұйымдарына және халықаралық қаржы ұйымдарына кредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдік.

4-тарау. Қоғамның кепілдік беруіне арналған шарттар

7. Борышкердің өтінішін қарау тәртібі мен мерзімдері Қоғамның ішкі құжатымен бекітіледі.

8. Борышкер (үшінші тұлға бар болса) тізбесі Қоғамның ішкі құжатымен бекітілген қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін Қоғамның құрылымдық бөлімшелері Борышкердің (үшінші тұлғаның бар болса) қаржылық жағдайына талдау жүргізеді және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес қаржылық жағдайдың үш санатының біріне сәйкестігін / сәйкессіздігін белгілейді.

Борышкер (үшінші тұлға болған жағдайда) қаржылық жағдайдың үш санатының біріне сәйкес келген жағдайда, Борышкер өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда ықтимал шығындарға әсер ететін факторларды, жобаның Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін талдай отырып, Қоғамның жауапты құрылымдық бөлімшесі уәкілетті органға кепілдік беру туралы мәселені шығарады. Уәкілетті орган алынған құжаттар, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қорытындылары негізінде борышкердің өтінішінде көрсетілген сомаға кепілдік беру мүмкіндігін айқындайды.

Жауапты құрылымдық бөлімше анықталған жағдайда мәселені уәкілетті органға шығармай кепілдік беруден бас тартуға міндетті:

- 1) Борышкердің (үшінші тұлғаның бар болса) және Қарыз алушының үлестестігі;
- 2) Борышкердің ағымдағы мерзімі өткен салық берешегі (егер Борышкер немесе үшінші тұлға Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылған жағдайда);
- 3) Борышкердің (үшінші тұлғаның) міндеттемелері бойынша ағымдағы мерзімі өткен берешегі және соңғы 1 (бір) жыл үшін 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегінің болуы.

9. Борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге Банкке берілетін тендерлік кепілдік немесе кепілдік берілген кезде (банк тендерлік кепілдік шығарған жағдайда) сұратылатын кепілдік сомасы Борышкердің (бар болса үшінші тұлғаның) қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы 12 (он екі) айдағы кірістің орташа айлық түсімдерінің 30% (отыз пайызынан) аспауға тиіс. Борышкер (үшінші тұлға бар болса) жоғарыда көрсетілген көрсеткішке қол жеткізбеген жағдайда, Қоғам қабылданатын тәуекел мөлшерін азайтуға мүмкіндік беретін құралдарды қолдана отырып, Борышкердің өтінішін қарауға құқылы.

10. Өтінішті қарау үшін қажетті құжаттармен бірге Борышкер Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Қоғамның ішкі нормативтік құжатының талаптарын орындау мақсатында клиенттің толтырылған сауалнамасын ұсынады.

11. Комплаенс-қызметтің қорытындысы Қоғамның уәкілетті органы үшін ықтимал комлаенс-тәуекелдер туралы ақпараттық сипатта болады.

5-тарау. Кепілдіктің қамтамасыз етілуі

12. Қоғам Борышкердің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін

кепілдік шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібін реттейтін ішкі құжатқа сәйкес өз тәуекелдерін митигациялау үшін кепілмен қамтамасыз етуді қабылдауға құқылы.

6-тарау. Кепілдік шартын жасасу

13. Кепілдік шарты Қоғамның уәкілетті органы мақұлдаған шарттар шеңберінде жасалады.

14. Кепілдік шарты жазбаша нысанда жасалады.

15. Кепілдік шарты Қоғамның Басқармасы бекіткен үлгілік нысандарға сәйкес ресімделеді.

Қоғамнан берілетін кепілдік негізінде шетелдік контрагенттің пайдасына банкпен кепілдік шығару үшін Банкпен жасалған шартқа қол қою қажет болған жағдайда банкпен жасалған шарттардың нысанын Қоғамның Басқармасы бекітеді.

16. Кепілдік шарты жоғалған жағдайда Қоғам борышкердің жазбаша өтініші негізінде өзінің мөрімен және Қоғамның уәкілетті тұлғасының қолымен расталған кепілдік шартының көшірмесін береді.

7-тарау. Кепілдік беру

17. Кепілдік Қоғамның уәкілетті органы мақұлдаған шарттар шеңберінде шығарылады.

18. Кепілдік Қоғамның сериялық нөмірі бар фирмалық бланкісінде және кеңседе шығыс нөмірін міндетті түрде беру арқылы Қоғамның уәкілетті тұлғасының қолы қойылып және Қоғамның мөрі қойылып шығарылады

19. Кепілдік барлық тараптар кепілдік шартына қол қойғаннан кейін беріледі.

20. Егер Кепілдік шартында өзгеше көзделмесе, кепілдік бергені үшін Комиссия кепілдік берілгенге дейін төленеді.

8-тарау. Кепілдік, кепілдік шартының қолданылу мерзімі

21. Кепілдік шарты, егер онда өзгеше көзделмесе, тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

22. Кепілдіктің қолданылу мерзімі / аяқталу күні келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс.

9-тарау. Кепілдік шартын, кепілдікті өзгерту шарттары

23. Кепілдік беру сомасын, мерзімдерін ұлғайту/азайту, егер кепілдік беру мақұлданған кезде қоғамның уәкілетті органының шешімінде өзгеше көзделмесе, мәселені қоғамның уәкілетті органына шығару жолымен жүзеге асырылады. Өзгерістер борышкердің өтініші негізінде немесе қоғамның бастамасы бойынша енгізіледі.

24. Қоғамның уәкілетті органы бекіткеннен кейін кепілдік шартына өзгерістер кепілдік шартына қосымша келісімге қол қою арқылы енгізіледі.

25. Қоғамның уәкілетті органы бекіткеннен кейін кепілдікке өзгерістер қоғамның уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және қоғамның мөрі қойылған сериялық нөмірі бар қоғамның фирмалық бланкісіне қоғам қосымша хат жолдау арқылы енгізіледі. Кепілдік борышкердің, несие берушінің және қоғамның жазбаша келісімінсіз өзгертілмейді.

10-тарау. Кепілдікті тоқтату шарттары

26. Кепілдік Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кепілдік шартында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

11-тарау. Кепілдік төлемдерді жүзеге асыру тәртібі және кепілдік төлем туралы шешім қабылдау мерзімдері

27. Кепілдік бойынша міндеттемелерді кредитор кепілдік тоқтатылғанға дейін және кепілдікте айқындалған тәртіппен талап қойған жағдайда Қоғам орындайды.

28. Кепілдік бойынша кепілдік төлемді жүзеге асыру үшін Қоғамда кіріс нөмірін міндетті түрде бере отырып, кепілдік шарттарына сәйкес берілген кредитордың талабы және кепілдікте көрсетілген кепілдік жағдайының басталуын растайтын құжаттар негіз болып табылады.

29. Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін алынған талаптар қанағаттандырылмайды.

30. Егер кепілдікте өзгеше көзделмесе, кепілдік төлемді Қоғам кепілдік төлемдерді жүзеге асыру мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжатында айқындалған мерзімдер мен тәртіппен жүзеге асырады.

12-тарау. Кепілдік төлемі жүзеге асырылған жағдайда Қоғамның борышкерге қойылатын талабы

31. Кепілдік төлемі жүзеге асырылған жағдайда қоғамның кепілдік төлемінің, тұрақсыздық айыбының және сыйақының (мүдденің), кепілдік шарты негізінде борышты және басқа да шығындарды өндіріп алу жөніндегі сот шығындарының сомасы шегінде борышкерге (және / немесе бар болған жағдайда үшінші тұлғаға) қойылатын талабы болады.

32. Борышкер Қоғамның талабын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кепілдік төлемді қайтару жөніндегі міндеттемені орындамаған жағдайда Қоғам Борышкерден (бар болса үшінші тұлғадан) кепілдік төлем, тұрақсыздық айыбы және сыйақы (мүдде) сомасын мәжбүрлеп өндіріп алу жөніндегі рәсімдерді жүргізуге және/немесе кепілдік шарты бойынша берілген қамтамасыз ету есебінен кепілдік төлемін өтеу туралы өзінің талабын қанағаттандыруға міндетті.

13-тарау. Қорытынды ережелер

33. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

34. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешілуге тиіс.

35. Егер осы Қағидалардың ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда, Қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Шикізаттық емес экспортты ілгерілету
мәмілелеріне кепілдік беру қағидаларына
қосымша

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ кепілдік беретін
борышкердің қаржылық жай-күйінің сенімділік санаттары**

№	Өлшемшарттар
1-санат	Барлық келесі өлшемшарттарға сәйкестік: 1) борышкердің (үшінші тұлғаның) капиталына 50 % астам мөлшерде тікелей немесе жанама мемлекеттік қатысуының болуы; 2) соңғы 3 (үш) жылдағы негізгі қызметтен (пайда мен залал туралы есеп бойынша) шығындардың болмауы. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 3) ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні 1-ден кем емес. Борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері есепке алынады.
2-санат	борышкердің (бар болса үшінші тұлғаның) Standard&Poor ' s шкаласы бойынша «BB-» төмен емес рейтингінің немесе Fitch немесе Moody ' s тиісті деңгейінің болуы.
3-санат	Мынадай өлшемшарттардың 13 (он үш) өлшемшарттың ішінен 9-на (тоғыз) сәйкестігі: 1) ағымдағы салада Борышкердің (үшінші тұлғаның) жұмыс тәжірибесі 5 жылдан астам; 2) Кепілдік беру туралы шешім қабылдаған кезде Борышкердің (үшінші тұлғаның бар болса) соңғы есепті жылы үшін аудиттелген қаржылық есептілігі ұсынылды; 3) Борышкердің шоғырландырылған меншікті капиталы (үшінші тұлға болған жағдайда) активтердің шоғырландырылған сомасының кемінде 40% - % құрайды; 4) шоғырландырылған меншікті капиталды ұлғайту соңғы 3 (үш) жыл ішінде жалпы оң қарқынды. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 5) борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған таза пайдасының рентабельділігі 5% кем емес; 6) соңғы аяқталған есепті жылдағы таза пайда сомасының қарыздар бойынша жиынтық төлемдер сомасына қатынасы көрсеткішінің мәні кемінде 75%. Қарыздар бойынша жиынтық төлемдер сомасының есебіне инвестицияларға нысаналы мақсатпен алынған және алуға жоспарланатын қарыздар бойынша негізгі борыш қабылданады. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 7) Борышкердің (бар болса үшінші тұлғаның) барлық қарыздары сомасының (қарыздар сомасы ағымдағы және жоспарланған қарыздар бойынша негізгі борыштың сомасы ретінде қабылданады) борышкердің (бар болса үшінші тұлғаның) меншікті капиталына қатынасы көрсеткішінің мәні 70% - дан аспауға тиіс. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады;

№	Өлшемшарттар
	8) TFD/EBITDA коэффициентінің мәні 2,5 - тен аспайды. Борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері есепке алынады. Айналым қаражатын толықтыруға берілген қарыздар бойынша берешек есепке алынбайды; 9) ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні 1-ден кем емес. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 10) алдыңғы кезеңмен салыстырғанда кірістің шоғырландырылған мәнінің динамикасы кемінде 5% оң мәнге ие. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 11) таза пайданың кем дегенде 70% меншікті капиталға қайта инвестицияланады. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 12) бір сатып алушыға сатылатын өнімнің үлесі 20% - дан аспайды. Есепке борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері қабылданады; 13) бір өнім берушіден сатып алынатын шикізаттың үлесі 20% - дан аспайды. Борышкердің (үшінші тұлғаның) шоғырландырылған қаржылық деректері есепке алынады.